FSU | FLORIDA STATE UNIVERSITY

Professor Kevin M. Beaver, PhD
Judith Rich Harris Professor of Criminology
Director, Distance Learning Program
Phone: (850) 644-9180
Email: kbeaver@fsu.edu

College of Criminology and Criminal Justice
Criminology and Criminal Justice Building
112 S. Copeland Street
Tallahassee, Florida 32306-1273
Phone: 850-644-4050

28 September 2026

REVIEW BY THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC ADVISOR
on the doctoral dissertation entitled "Criminal procedure issues in the pre-trial investigation of criminal offenses involving the unlawful collection, processing, and dissemination of personal data" submitted by Nazerke Serikzhankyzy Zhumadilova for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) under the educational program 8D04203 – Law

The doctoral dissertation submitted by Nazerke Serikzhankyzy Zhumadilova, entitled "Criminal procedure issues in the pre-trial investigation of criminal offenses involving the unlawful collection, processing, and dissemination of personal data," addresses a highly relevant issue at the intersection of contemporary criminal procedural law, digital forensics, and the protection of human rights.

The relevance of the dissertation is determined by the rapid development of digital technologies, the increasing volume of personal data collection and processing, and the growing risks to individuals' information security and their right to privacy. The widespread use of electronic government services, digital financial systems, social networks, and online platforms has created new opportunities for the unlawful collection, processing, and dissemination of personal data, thereby increasing the need to develop scientifically grounded legal mechanisms for the effective investigation of such criminal offenses.

An important feature of the research is the author's examination of personal data protection not merely within the framework of information security or the right to privacy, but also in relation to the objectives and functions of criminal proceedings. The dissertation systematically explores the interrelationship between substantive criminal law, the legal regime governing personal data, evidentiary procedures, and criminal procedural safeguards.

The author provides a scientifically grounded analysis of the legal characteristics of personal data in criminal proceedings, their role in the evidentiary process, and the specific requirements governing their legal protection. The examination of personal data both as a potential source of information relevant to criminal proceedings and as an informational interest protected by the right to privacy enhances the theoretical significance of the research. This approach highlights the importance of maintaining an appropriate balance between public interests and individual rights when investigative authorities exercise their procedural powers.

The dissertation presents a comparative legal analysis of the criminal and criminal procedural legislation of the Republic of Kazakhstan, legal acts regulating personal data protection, international legal standards, and the experience of foreign jurisdictions. By examining international practices in conjunction with the specific characteristics of the national legal system, the author strengthens the scholarly value of the research and identifies potential directions for improving criminal procedural legislation.

The original scholarly contribution of the dissertation lies in its comprehensive systematization of the procedural issues arising during the pre-trial investigation of criminal offenses involving the unlawful collection, processing, and dissemination of personal data. The author examines the determination of the subject matter of proof, the acquisition of

information from data holders, the identification and documentation of electronic materials, the preservation of digital traces, the conduct of covert investigative measures, and the admissibility of electronic evidence within an integrated research framework.

Particular attention is devoted to the specific challenges associated with handling digital evidence. The dissertation examines the mutable nature of electronic information, the need to ensure its authenticity and integrity, the identification of its source, and its documentation in accordance with procedural requirements. These issues are analyzed in the context of the contemporary objectives of criminal justice. The author's scholarly conclusions in this area provide a valuable basis for improving practices relating to the collection, examination, and evaluation of electronic evidence.

Another noteworthy aspect of the research is its emphasis on procedural safeguards for the protection of personal data during pre-trial investigations. The author highlights the importance of compliance with the principles of legality, proper justification, necessity, and proportionality in the exercise of investigative powers. The dissertation also substantiates the significance of judicial oversight, prosecutorial supervision, confidentiality requirements, and the establishment of appropriate legal limits on the use of personal data.

The academic rigor of the dissertation is demonstrated by its comprehensive methodological approach, the consistency of its theoretical arguments, and its systematic examination of empirical materials. By integrating scholarly literature, international legal standards, comparative legal research, and law enforcement practice, the author provides a well-rounded assessment of the issues under investigation. The integration of theoretical analysis with practical evidence strengthens the validity of the research findings and highlights their significance for contemporary criminal procedural scholarship.

The methodological framework of the dissertation is appropriate to its research objectives. The application of formal legal, comparative legal, systemic, and analytical methods ensures a comprehensive examination of the research subject and contributes to the scholarly rigor of the findings.

The practical significance of the dissertation lies in the potential application of its findings to the activities of pre-trial investigative authorities, prosecutorial supervision, the improvement of methodological approaches to handling electronic evidence, and the further development of criminal procedural safeguards for personal data protection. Certain conclusions of the research may also be applied in university teaching and in the professional training and development of law enforcement personnel.

The structure of the dissertation is consistent with its aims and objectives, and its chapters are logically interconnected. The dissertation is written in an appropriate academic style, employs legal terminology consistently, and presents its research findings and conclusions in a clear and coherent manner.

The content of Nazerke Zhumadilova's doctoral research demonstrates her scholarly engagement with complex legal issues concerning personal data protection and criminal proceedings, her ability to conduct comparative analyses of national and international practices, and her capacity to connect theoretical legal concepts with practical challenges. The interdisciplinary nature of the research, its consideration of the impact of digital technologies on criminal procedure, and its emphasis on the protection of fundamental human rights underscore its relevance to contemporary legal scholarship.

Overall, the dissertation submitted by Nazerke Serikzhankyzy Zhumadilova deserves a highly positive evaluation as a completed scholarly study that addresses a significant contemporary issue, demonstrates a sound theoretical foundation and a coherent research structure, and possesses substantial practical relevance. The scientific conclusions presented in the dissertation are directed toward improving the criminal procedural legislation of the Republic of Kazakhstan, developing the legal framework for handling digital evidence, and strengthening procedural safeguards for the protection of individuals' personal data.

In conclusion, I highly commend the original scholarly contribution, sound theoretical foundation, coherence of the research findings, and practical significance of Nazerke Serikzhankyzy Zhumadilova's dissertation entitled "Criminal procedure issues in the pre-trial investigation of criminal offenses involving the unlawful collection, processing, and dissemination of personal data." The dissertation fully meets the academic requirements established for doctoral dissertations submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) under the educational program 8D04203 – Law. Accordingly, I support the submission of this dissertation for public defense and consider its author, Nazerke Serikzhankyzy Zhumadilova, deserving of the award of the degree of Doctor of Philosophy (PhD).

Professor Kevin M. Beaver, PhD
Judith Rich Harris Professor of Criminology
Director, Distance Learning Program
College of Criminology and Criminal Justice
Florida State University
Tallahassee, Florida, USA

28 қыркүйек 2026

8D04203 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ЖҰМАДИЛОВА НАЗЕРКЕ СЕРІКЖАНҚЫЗЫНЫҢ «Дербес деректерді заңсыз жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қылмыстық-процестік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі

Жұмадилова Назерке Серікжанқызының «Дербес деректерді заңсыз жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қылмыстық-процестік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы қылмыстық-процестік құқық ғылымының, цифрлық криминалистиканың және адам құқықтарын қорғаудың өзара тоғысындағы аса өзекті ғылыми мәселелердің бірін жан-жақты зерттеуге арналған.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамдағы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен, дербес деректерді жинау және өңдеу көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ жеке тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігіне және жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығына төнетін қауіптердің артуымен айқындалады. Электрондық мемлекеттік қызметтердің, цифрлық қаржы жүйелерінің, әлеуметтік желілер мен ақпараттық платформалардың кеңінен қолданылуы дербес деректерді заңсыз жинау, өңдеу және тарату әрекеттерінің жаңа мүмкіндіктерін туындатып, мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарды тиімді тергеп-тексерудің ғылыми негізделген құқықтық тетіктерін әзірлеу қажеттілігін күшейтуде.

Зерттеудің маңызды ерекшелігі – автордың дербес деректерді қорғау мәселесін тек ақпараттық қауіпсіздік немесе жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы шеңберінде ғана емес, қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттары мен функцияларымен өзара байланыста қарастыруы. Диссертацияда қылмыстық-құқықтық реттеу, дербес деректердің құқықтық режимі, дәлелдемелік қызметті жүзеге асыру рәсімдері және қылмыстық-процестік кепілдіктер арасындағы өзара байланыс жүйелі түрде зерттелген.

Автор дербес деректердің қылмыстық процестегі құқықтық сипатына, олардың дәлелдемелік айналымдағы орнына және құқықтық қорғалу ерекшеліктеріне ғылыми негізделген талдау жүргізеді. Дербес деректерді бір мезгілде қылмыстық іс бойынша маңызы бар ықтимал ақпарат көзі және адамның жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығымен қорғалатын ақпараттық игілік ретінде қарастыру зерттеудің теориялық маңызын арттырады. Бұл тәсіл қылмыстық қудалау органдарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде жария және жеке мүдделер арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтаудың маңызын айқындайды.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасы, дербес деректерді қорғауға қатысты нормативтік құқықтық актілер, халықаралық құқықтық стандарттар және шетелдік құқықтық жүйелердің тәжірибесі салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талданған. Халықаралық тәжірибені ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен байланыстыра қарастыру зерттеудің ғылыми құндылығын арттырады және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдірудің ықтимал бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың өзіндік ғылыми үлесі дербес деректерді заңсыз жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында туындайтын процестік мәселелерді кешенді түрде жүйелеуінен көрінеді. Автор дәлелдеу пәнін айқындау, дерек ұстаушылардан ақпарат алу, электрондық материалдарды анықтау және құжаттау, цифрлық іздерді сақтау, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу және электрондық дәлелдемелердің жол берілетіндігін бағалау мәселелерін біртұтас ғылыми зерттеу шеңберінде қарастырады.

Диссертацияда цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеудің өзіндік қиындықтарына айрықша назар аударылған. Электрондық ақпараттың өзгергіштігі, оның түпнұсқалығы мен тұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мәліметтердің алыну көзін анықтау және оларды процестік талаптарға сәйкес құжаттау мәселелері қылмыстық сот ісін жүргізудің қазіргі

заманғы міндеттерімен байланыстырыла талданған. Автордың осы бағыттағы ғылыми тұжырымдары электрондық дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау тәжірибесін жетілдіру үшін құнды ғылыми негіз қалыптастырады.

Зерттеудің назар аударарлық тағы бір ерекшелігі – сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында дербес деректерді қорғаудың процестік кепілдіктеріне ерекше мән берілуі. Автор қылмыстық қудалау міндеттерін жүзеге асыру кезінде заңдылық, тиісті негіздеменің болуы, қажеттілік және мөлшерлестік талаптарын сақтаудың маңызын көрсетеді. Сонымен қатар сот бақылауы мен прокурорлық қадағалаудың, құпиялылық талаптарын сақтаудың және дербес деректерді пайдаланудың құқықтық шектерін айқындаудың маңыздылығын негіздейді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми негізділігі оның кешенді әдіснамалық ұстанымымен, теориялық тұжырымдарының дәйектілігімен және эмпирикалық материалдарды жүйелі талдауымен сипатталады. Автор ғылыми әдебиеттерді, халықаралық құқықтық стандарттарды, салыстырмалы-құқықтық зерттеу нәтижелерін және құқық қолдану тәжірибесін өзара байланыстыра отырып, зерттелетін мәселелерге жан-жақты ғылыми баға береді. Теориялық пайымдаулардың практикалық деректермен ұштастырылуы ғылыми қорытындылардың дәлелділігін арттырып, олардың қазіргі қылмыстық-процестік құқық ғылымы үшін маңыздылығын айқындайды.

Жұмыстың әдіснамалық негізі зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Автордың формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік және талдамалық әдістерді қолдануы зерттеу пәнін жан-жақты қарастыруға және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметінде, прокурорлық қадағалауда, электрондық дәлелдемелермен жұмыс істеудің әдістемелік тәсілдерін жетілдіруде, сондай-ақ дербес деректерді қорғаудың қылмыстық-процестік кепілдіктерін дамытуда пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеудің жекелеген тұжырымдары жоғары оқу орындарының оқу процесінде, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру барысында қолданылуы мүмкін.

Диссертацияның құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылған, тараулары өзара логикалық байланыста берілген. Жұмыс академиялық стиль талаптарына сай жазылған, құқықтық ұғымдар жүйелі қолданылған, зерттеу нәтижелері мен қорытындылары нақты әрі бірізді баяндалған.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны оның дербес деректерді қорғау және қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы күрделі құқықтық мәселелерді ғылыми тұрғыдан терең зерделегенін, ұлттық және халықаралық тәжірибеге салыстырмалы талдау жүргізу қабілетін, сондай-ақ теориялық тұжырымдарды практикалық міндеттермен ұштастыра алатынын көрсетеді. Зерттеудің пәнаралық сипаты, цифрлық технологиялардың қылмыстық процеске ықпалын ескеруі және адамның негізгі құқықтарын қорғауға басымдық беруі оның қазіргі құқық ғылымындағы маңызын айқындайды.

Жалпы алғанда, Жұмадилова Назерке Серікжанқызының диссертациялық жұмысы қазіргі құқық ғылымының өзекті мәселесін зерттеуге арналған, берік теориялық негізге сүйенген, құрылымдық жағынан жүйелі және елеулі практикалық маңызы бар аяқталған ғылыми еңбек ретінде жоғары бағалауға лайық. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдіруге, цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеудің құқықтық негіздерін дамытуға және жеке тұлғалардың дербес деректерін қорғаудың процестік кепілдіктерін нығайтуға бағытталған.

Қорытындылай келе, Жұмадилова Назерке Серікжанқызының «Дербес деректерді заңсыз жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қылмыстық-процестік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзіндік ғылыми үлесін, берік теориялық негізін, зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін және практикалық маңызын жоғары бағалаймын. Диссертациялық жұмыс 8D04203 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты аталған диссертациялық жұмысты жария қорғауға ұсынуды қолдаймын және оның авторы Жұмадилова Назерке Серікжанқызы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

/қолы қойылған/

Кевин М. Бивер (Kevin M. Beaver), PhD
Джудит Рич Харрис атындағы криминология профессоры
Қашықтан оқыту бағдарламасының директоры
Криминология және қылмыстық сот төрелігі колледжі
Флорида штатының университеті
Таллахасси, Флорида, АҚШ